



БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

Алматы қаласы

2020 жылдың 20 мамыры

KASE биржалық нарықтың 2020 жылдың төрт айындағы жұмыс қорытындысы және 2019 жылға қаржылық жұмыс қорытындысын ұсынады

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE немесе Биржа) 2020 жылдың сәуір айының негізгі қызмет және 2020 жылдың төрт айына қорытындысы туралы хабарлайды.

- KASE сауда-саттықтарының жиынтық көлемі сәуір айында ағымдағы жылдың төрт айымен салыстырғанда 40 762,1 млрд теңгені құрады, 2019 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 4,1 % немесе 9 137,7 млрд теңгеге төмендеді.
- Акциялар нарығын қаржыландыру жыл басынан бері 1,2 % немесе 202,8 млрд теңгеге төмендеді.
- KASE Индексі мәні төрт айда 3,8 % төмендеп, 2 274,98 нүктені құрады.
- 2020 жылдың басынан бері KASE ресми тізіміне он эмитенттің облигациялардың 21 шығарылымы енгізілді, оның ішінде екі жаңа.
- Саудаланған корпоративтік қарыз көлемі жыл басынан бері 12,7 % немесе 1 540,1 млрд теңгеден 13,7 трлн теңгеге дейін өсті.
- 2020 жылдың 01 мамырында KASE сауда-саттық тізімінде 183 эмитенттің шығарған 446 бағалы қағаздары орналасқан.
- 2020 жылдың 01 мамырында Орталық депозитарийде жеке тұлғалар ашқан 120 404 жеке шот тіркелді, ол ағымдағы жылдың басына қарағанда 2 709 шотқа көп.

ӨЗЕКТІ ЖОБАЛАР МЕН ІС-ШАРАЛАР

2020 жылдың төрт айында KASE келесі жобалар жүзеге асырды:

- KASE қолдауымен 2020 жылдың 12 наурызында Cbonds "Қазақстан Республикасының борыштық нарығы" IV дөңгелек үстелі өткізілді. KASE Басқармасының Төрайымы Алина Алдамберген Қазақстанның бағалы қағаздар нарығының инфрақұрылымы мен реттеуіне арналған 1-ші сессияны модельдеді. Екінші сессияның модераторы KASE Басқарма Төрайымының орынбасары Наталья Хорошевская болды, бұл сессияның аясында Қазақстанның облигациялар нарығының ең өзекті мәселелері талқыланды.
- KASE 2020 жылдың 05 наурызында сауда-саттық алаңында қамтылмаған купондық облигациялардың шығарылымы аясында "Самұрық-Қазына" Ұлттық әл-ауқат қоры" АҚ еурооблигацияларын орналастыру аясында Road Show өткізілді.
- KASE Young Presidents' Organization Kazakhstan (YPO Kazakhstan) бірлесе отырып, 2020 жылдың 04 наурызында БҰҰ "Тұрақты ор биржалары" бастамасы және "БҰҰ әйелдер" құрылымының бастамасының аясында "Ұйымның тұрақты дамуы: гендерлік теңдік" конференциясын және Биржаның қор нарығында Ring the Bell for Gender Equality сауда-саттықтар ашу рәсімін өткізді. KASE БҰҰ Бастамасына 2015 жылдың 24 қыркүйегінде қосылған. Осы акцияға дүние жүзі бойынша жылда 85 жуық биржалар қатысады.

- 2020 жылдың 27 ақпанында KASE "Қазақстанның Тұрғынұйқұрылысбанкі" АҚ Басқармасының Төрайымы Ләззат Ибрагимованың қатысуымен "KASE Talks" жобасы шегінде ашық лекциясын өткізді.
- KASE 2020 жылдың 25 ақпанында Назарбаев Университетінің "Master of Science in Finance" бағдарламасының магистранттарына арналған таныстыру семинарын өткізді. Семинар Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "ҚРҰБ Оқу орталығы" АҚ базасындағы "Назарбаев Университет" ААҚ Бизнесінің жоғарғы мектебімен ынтымақтастықта өткізілді.
- 2020 жылдың 18 ақпанында Тараз қ. KASE Жамбыл облысының әкімдігімен бірлесіп, Қазақстан орнарығында қаржы тарту мүмкіншіліктері туралы ждөңгелек үстел ткізілді.
- KASE 2020 жылдың 05 ақпанында қазақстандық компаниялардың қызметкерлерінің отандық қор нарығы туралы хабардарлығын арттыру мақсатында "Қор нарығының негіздері" тақырыбына ақпараттық-түсіндіру семинарын өткізді.
- 2020 жылдың 31 қаңтарында KASE негізінде "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ (ҚДБ) теңгемен деноминацияланған еурооблигацияларын орналастыру аясында Road Show өткізілді.
- 2020 жылдың 29 қаңтарында KASE Tengri Partners бірлесіп, Қазақстанда Purchasing Managers' Index (Индекс PMI) іскерлік белсенділік индекcін енгізуге арналған брифинг өткізді.

АКЦИЯЛАР НАРЫҒЫ

Жыл басынан бері акциялар нарығының капитализациясы 1,2% немесе 202,8 млрд теңгеден 17,1 трлн теңгеге дейін төмендеді және 17 трлн теңгені (39,6 млрд USD) құрады. Көрсеткіштің төмендеуіне акциялар бағасының құлдырауы әсер етті.

Сәуір айының аяғында KASE ресми тізімінде 123 эмитенттің 139 акциялары орналастырылды, олардың ішінде үш шығарылымы листингілік емес бағалы қағаздар секторында айналысқа жіберілді.

Жыл басынан бері Биржаның ресми тізімінен жай акциялар шығарылды: Ferro-Alloy Resources Limited –эмитенттің бастамасы бойынша, "Standard" Сақтандыру компаниясы" АҚ – шығарылымды жоюға байланысты. Жаңа акциялар ресми тізіміне енгізілген жоқ.

Сәуір айында сауда-саттық көрсеткішінің көлемі 15,1 млрд теңгені құрады, ол наурыз айындағы мәніне қарағанда төрт есе жоғары. 2020 жылдың төрт айында акциялармен сауда-саттық көлемі 40,5 млрд теңгеге жетіп, 2019 жылдың балама көрсеткішіне қарағанда 22,9 % немесе 7,6 млрд теңгеге өсті. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 506,4 млн теңге, мәмілелердің орташа күндік саны – 571, бір мәміленің орташа мәні – 0,9 млн теңгені құрады.

Есептік айда Биржаның ресми тізімінен екі жай акция шығарылды: Ferro-Alloy Resources Limited – эмитенттің бастауы бойынша, "Standard" сақтандыру компаниясы" АҚ – шығарылымды жоюға байланысты.

Сәуір айында сауда-саттық көлемі 15,1 млрд теңгені құрады, ол наурыз айындағы мәніне қарағанда төрт есе жоғары. 2020 жылыдың төрт айында акциялармен сауда-саттық көлемі 40,5 млрд теңгеге жетіп, 2019 жылдың балама көрсеткішіне қарағанда 22,9 % немесе 7,6 млрд теңгеге өсті. Орташа күндік сауда-саттық көлемі 506,4 млн теңгені құрады, мәмілелердің орташа күндік саны – 571, бір мәміленің орташа көлемі – 0,9 млн теңге.

Сәуір айында акцияларының алғашқы нарығы секторында "БАСТ" АҚ өзінің 23 720 жай акцияларын 592,4 млн теңгеге орналастырды. Жасалған мәміленің құны 21 000-28 000 теңге аралығында. Барлық мәмілелер нарықтың кәсіби қатысушылары болып табылмайтын, заңды тұлғалардың шотынан жасалды.

Қайталама нарықтың көлемі сәуір айында 14,5 млрд теңгені (наурыздың көрсеткішінен 4 есе көп), төрт айда – 39,9 млрд теңге, ол өткен жылдың салыстырмалы кезеңіндегі көрсеткішінен 21,1 % жоғары.

Инвесторлардың негізгі санаты арасында жеке тұлғалардың үлесі акциялармен жалпы мәміле көлемі 51,2 % құрады. Екінші деңгейдегі банктердің қатысуы (ЕДБ) – 0,9 %, брокер-дилерлер –

20,4 %, өзге институционалдық инвесторлар – 4,3 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі 23,2 %. Бейрезиденттердің қатысуы 16,8 % бағаланады.

KASE ИНДЕКСІ

2020 жылдың төрт айында KASE Индексі 3,8 % дейін төмендеп, 2 274,98 нүктені құрады.

Эмитент	Сауда-саттық коды	баға өзгеруі		
		01.01.2020	01.05.2020	2020 ж қаңтарда
"Казатомпром" ҰАК АҚ	KZAP	5 218,00	6 130,00	+17,5 %
"Кселл" АҚ	KCEL	2 330,00	2 574,00	+10,5 %
"Банк ЦентрКредит" АҚ	CCBN	226,10	236,70	+4,7 %
"KEGOC" АҚ	KEGC	1 624,00	1 647,68	+1,5 %
"Қазақтелеком" АҚ	KZTK	27 100,00	26 040,00	-3,9 %
KAZ Minerals PLC	GB_KZMS	2 630,02	2 250,00	-14,4 %
"КазТрансОйл" АҚ	KZTO	1 035,90	870,00	-16,0 %
"Қазақстан Халық Жинақ Банкі" АҚ	HSBK	131,00	95,48	-27,1 %

Индекстік акциялармен мәміле көлемі 37,6 млрд теңге, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 8,9 млрд теңге. Мәмілелердің басым көлемі KAZ Minerals PLC. акцияларына келді. Қағаздармен мәмілелердің көп болуы Лондон қор биржасында (LSE) және KASE шикізат нарығының тұрақсыздығы жағдайында, сондай-ақ тұрақсыз сипаттағы мәмілелер сериясы жағдайында, қағаздардың жоғары өтімділігімен байланысты.

2020 жылдың қаңтар-сәуір айларындағы кезеңде өсім көшбасшысы "Казатомпром" ҰАК АҚ болды. Қағаздардың негізгі қолдау факторлары ретінде саладағы компанияның алдыңғы қатарда болуы, уранның бағасы өсуі, жеткізу шарттарының тұрақтылығы болып табылады. Жаңа сауда-саттық шарттарын жасау және уранның споттық бағасының тұрақтылығы өзге қазақстандық экспорттық шикізат товарларымен салыстырғанда компания акцияларының максималды жабылу бағасының KASE алаңында 6 237 теңге деңгейіне жетуге ықпал етті.

KASE Индексінің төмендеуінің негізгі факторы есептік кезең уақытында "Қазақстан Халық жинақ Банкі" АҚ, "КазТрансОйл" АҚ және KAZ Minerals PLC жай акциялары тарапынан төмендетуге қысым көрсету болды индекс қоржынындағы салмағы кезеңнің соңына қарай 10,6 %, 8,7 % және сәйкесінше 14,7 % құрайды.

2020 жылдың ақпан айында "Қазақстан Халық жинақ Банкі" АҚ бір жай акциясының құны 2012 жылдың желтоқсан айында 1:10 пропорцияда акцияларға сплит жүргізген соң максималды мәніне жетті. Компаниялардың қағаздарының өсім факторы ретінде эмитенттің сектордағы позициясының тұрақтылығы болды, 2019 жылдың қорытындысы бойынша компанияның таза табысының өсімі (банк басшылығы 2019 жылы таза табысының өсімін 25% болжады), дивидендтік төлем өсіміне алып келетіні сөзсіз. Оқшауланған баға максимумының кейін қор нарығының жахандық "аю" тренді, теңгенің әлсіреуі, базалық мөлшерлеменің өсуі аясында баға көрсеткіштері 35 % жуық төмендегенін көрсетті. Акцияларға сәуір айының ортасына дейін қолдау көрсетудің негізгі факторы дивидендтер болып табылады. Алайда, экономикалық қиын жағдайды есекере отырып, 22 сәуірде, Халық Банкінің директорлар кеңесі 2019 жылға дивиденд төлемеуге нұсқау берді. Банк басшылығы сондай-ақ өз сөзінде өткен жылдың кірісін 2020 жылдың екінші жартыжылдығында тарату мүмкіндігі туралы айтып өтті.

"КазТрансОйл" АҚ жай акциялары шикізат нарығында мұнай құнының төмендеуінің салдарынан инвесторлардың көңіл күйін түсірді, ол 2020 жылдың қорытындысы бойынша компанияның табысы мен таза кірісінің көрсеткіштеріне кері әсерін тигізуде. 2020 жылы бір күндік ең төменгі төмендеу деңгейі 6,1 %, күндізгі ең жоғарғы бағаны қалпына келтіру – 3,6 %. 2019 жылы 100 % көлемінде таза табысын және өткен жылдың бөлінбеген табысының біршама бөлігін бөлу туралы шешімі наурыз айында акциялардың төмендеуін толық қалпына келтіре алмады.

КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫҢ НАРЫҒЫ

Төрт айдың қорытындысы бойынша корпоративтік борыштың сауда-саттық көлемі 1-ші тоқсанда 14,7 % немесе 1 540,1 млрд теңгеге өсіп, 13,7 трлн теңгеге (31,8 млрд USD) жетті.

01 мамырдағы жағдай бойынша KASE сауда-саттық тізімдерінде 72 эмитенттің корпоративтік облигацияларының 263 шығарылымы болды. Жылдың басынан бастап KASE ресми тізіміне тоғыз эмитенттің облигацияларының 20 шығарылымы енгізілді: "Бастапана" Ипотекалық ұйымы" АҚ екі шығарылымы, ВТБ Банк (қазақстан) АҚ Еншілес ұйымының 10 шығарылымы, "Қазақстандық Ипотекалық Компаниясы" Ипотекалық ұйымы" АҰ екі шығарылымы, "FIVE BROKERS' CAPITAL" АҚ, "СевКазЭнерго" АҚ, LLOYDS BANK PLC және "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ бір-бір шығарылымдары. Аталмыш облигациялардың екі шығарылымы сәуір айында енгізілді.

Жылдың басынан бастап KASE ресми тізімінен корпоративтік облигациялардың 14 шығарылымы алып тасталды: "Самұрық-Қазына" Ұлттық әл-ауқат қоры" АҚ 7 шығарылымы, "СевКазЭнерго" АҚ және "ForteBank" АҚ бір-бір шығарылымдары – айналыста болу мерзімі аяқталуына байланысты, "ҚАЗЭКСПОРТАСТЫҚ" Холдингі" АҚ – дефолтқа жол бергені үшін.

KASE_BMY корпоративтік облигациялардың кірістілік индексінің мәні 39 базистік нүктеге өсіп, жылдық 11,23 % құрады.

Сәуір айында Биржадағы корпоративтік облигациялар нарығының жиынтық көлемі наурыз айына қарағанда 32,6 % өсіп, 260,2 млрд теңгені құрады. Төрт айда алғаш рет жиынтық көлемі 549,6 млрд теңгені құрады, 2019 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 57,9 % немесе 755 млрд теңгеге азайды. Бастапқы нарықта да (59 %-ға), сондай-ақ қайталама нарықта да (56,3 %-ға) төмендеу байлақты. Осыншама төмендеу 2019 жылдың алғашқы төрт айында болып өткен ірі мәмілелердің жасалуына байланысты болды.

Сауда-саттықтардың орташа күндік көлемі 6,9 млрд теңгені құрады, орташа күндік мәмілелер саны – 8, бір мәміленің орташа көлемі – 911,4 млн теңгені құрады.

Барлығы Биржада 9 эмитенттің облигацияларының 15 шығарылымы орналастырылды. Қаржы тартудың жиынтық көлемі 309,4 млрд теңгеге жетті. Есептік кезеңде:

- "Баспана" Ипотекалық ұйымы" АҚ өзінің KZ2C00006328 (BASPb5), KZ2C00006336 (BASPb6) және KZ2C00006484 (BASPb8) облигацияларын орташа сараланған кірістілігі тиісінше жылдық 10,74 %, 10,70 % және 11,48 % орналастырып, 99,6 млрд теңге қаржы тартты;
- "ҚазАгроҚаржы" АҚ өзінің KZ2C00006385 (KAFIb9) облигацияларын орташа сараланған кірістілігі жылдық 13 % орналастырып, 7,6 млрд теңге қаржы тартты;
- "Көтерме-бөлшек сауда кәсіпорны" АҚ өзінің өтеуге дейін мерзімі 6,5 жыл KZ2C00004539 (ORPTb1) облигацияларын орташа сараланған кірістілігі жылдық 10,4994 % орналастырдып, 150,3 млн теңге қаржы тартты;
- "ТехноЛизинг" ЖШС өзінің өтеуге дейін мерзімі 3,8 жыл KZ2P00006299 (THLZb1) облигацияларын орташа сараланған кірістілігі жылдық 16 % орналастырдып, 405,2 млн теңге қаржы тартты;
- "СевКазЭнерго" АҚ өзінің KZ2C00006500 (SKENb3) облигацияларын орташа сараланған кірістілігі жылдық 13,75 % орналастырдып, 5 млрд теңге қаржы тартты;
- "First Heartland Jýsan Bank" АҚ өзінің KZ2C00002913 (TSBNb27) облигацияларын орташа сараланған кірістілігі жылдық 0,1 % орналастырдып, 15 млрд теңге қаржы тартты;
- "Самұрық-Қазына" Ұлттық әл-ауқат қоры" АҚ өзінің 13-айлық облигацияларының 4 шығарылымын орташа сараланған кірістілігі жылдық 12,5 % орналастырдып, 129,2 млрд теңге қаржы тартты.
- "Аграрлық несие корпорациясы" АҚ өзінің өтеу мерзімі 6,5 жылға дейінгі KZ2C00006161 (AGKKb12) облигацияларын жылдық 11,75 % орналастырып, 5,6 млрд теңге тартты;
- "Нұрбанк" АҚ KZ2C00006070 (NRBNb16) 15 жылдық облигацияларын жылдық 4 % орналастырып, 46,8 млрд теңге тартты.

Инвесторлардың негізгі санаттары бойынша корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығында ЕДБ үлесі – 29,3 %, брокер-дилерлердің үлесі – 1,8 %, басқа институционалдық инвесторлар – 55,9 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі – 13,1 %, жеке тұлғалардың үлесі – 0,1 %. Резидент еместердің қатысу үлесі 0,1 % құрады.

Облигациялардың қайталама нарығындағы сауда-саттық көлемі наурыз айындағы көрсеткіштен 5 есе артып, 183,7 млрд теңгені құрады. Төрт айда сауда-саттық көлемі 56,3 % немесе 309,1 млрд теңгеге төмендеп 240,2 млрд теңгені құрады.

Корпоративтік облигациялардың қайталама нарығындағы инвесторлардың негізгі санаттары бойынша ЕДБ үлесі – 9 %, брокер-дилерлердің үлесі – 6 %, басқа институционалдық инвесторлар – 18,4 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі 64,6 %, жеке тұлғалардың үлесі – 1,9 % болды. Резидент еместердің қатысу үлесі 1 % аспады.

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР (МБҚ)

01 мамырда Биржада саудаланатын мемлекеттік борыштың номиналы бойынша сомасы 13,8 трлн теңгені құрап (32,2 млрд USD), жылдың басынан бастап 853,7 млрд теңгеге немесе 6,6 % артты.

KASE МБҚ сауда-саттықтарының жиынтық көлемі 1 454,4 млрд теңгені құрап, 2019 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда шамамен 2 есе яғни, 817 млрд теңге өсті. Наурыз-сәуір айында рекордтық көлем – 553,8 млрд теңге және сәйкесінше 622,9 млрд теңге болды.

Төрт айдың қорытындысы бойынша сауда-саттықтардың орташа күндік көлемі 18,2 млрд теңге болды (қайталама нарықта – 4,8 млрд теңге); орташа күндік мәмілелер саны – 6 (қайталама нарықта – 4,8 млрд теңге); бір мәміленің орташа көлемі – 6 (қайталама нарықта бір мәміленің орташа көлемі – 4), бір мәміленің орташа көлемі - 3,2 млрд теңге (қайталама нарықта бір мәміленің орташа көлемі – 1,1 млрд теңге).

МБҚ бастапқы нарығындағы сауда-саттық көлемі 539,1 млрд теңгені құрады, наурыз айындағы көрсеткіштен 2 есе жоғары. Төрт айда өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда алғашқы нарықтың көлемі екі есе артып, 1 072,8 млрд теңгені құрады, олардың ішінде 214,4 млрд теңге (23,4 %) 14 облыстың және Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері тартты. Қаржы министрлігі өзінің 11 облигациясын жылдық 9,47–12 % орналастырып, 858,4 млрд теңге тартты, өтеу мерзімі 2 жылдан 20 жылға дейін.

Инвесторлардың негізгі санаттары бойынша бастапқы нарықта ЕДБ үлесі – 5,7 %, брокер-дилерлердің үлесі – 0,1 %, басқа институционалдық инвесторлар – 74,2 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі – 20 % құрады.

МБҚ қайталама нарықтағы сауда-саттық көлемі үш есе өсіп, 297,8 млрд теңгеге жетті. Ұлттық Банктің ноталарының сауда-саттықтарының үлесі бұрынғыдай жоғары деңгейде – сауда-саттықтың жалпы көлемінен 99 % құрады. Шет мемлекеттердің МБҚ жасалған мәмілелердің көлемі 362,8 млн теңгеге жетті

Қайталама нарықтағы инвесторлардың негізгі санаттары бойынша ЕДБ үлесі – 43,7 %, брокер-дилерлердің үлесі – 0,6 %, басқа институционалдық инвесторлар – 52,2 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі 3,5 %, жеке тұлғалардың үлесі – 0,02 % болды. Резидент еместердің қатысу үлесі 1,7 % болады.

ХҚҰ ОБЛИГАЦИЯЛАРЫ

Есептік кезеңнің соңына қарай KASE сауда-саттық тізімдерінде бес халықаралық қаржы ұйымдарының облигацияларының 31 шығарылымы болды: Азиялық даму банкі, Еуразиялық даму банкі, Еуропалық қайта құрылымдау және даму банкі, Еуропалық инвестициялық банк, Халықаралық қаржы корпорациясы (IFC).

Аталмыш сектордағы сауда-саттықтың жиынтық көлемі 13,3 млрд теңгені құрады және сәуір айында 14,1 млрд теңге, төрт айда, ол өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда біршама төмен – 163,3 млрд теңге.

Есептік кезеңде KASE сауда-саттық тізбесіне тек облигациялардың бір шығарылымы енгізілді – IFC облигациялары, онда KASE сауда-саттық жүйесінде жазылым әдісімен орналастырылды. Орналастыру көлемі екі жылға жылдық 11 % -бен, 13 млрд теңгені құрады. Жазылым нәтижесі бойынша ЕДБ 43,3 % сатып алынды, 56,7 % – өзге институционалдық инвесторлар.

2020 жылдың сәуір айында қайталама нарық көлемі 297,9 млн теңге көлемінде. Төрт айда аталмыш көрсеткіш өткен жолғыдан 9 есе артып, 1,1 млрд теңгені құрады.

Инвесторлардың негізгі санаттары бойынша брокер-дилерлердің үлесі – 43 %, басқа институционалдық инвесторлар – 57 % құрады.

ИНВЕСТИЦИЈАЛЫҚ ҚОРЛАРДЫҢ ҮЛЕСПҰЛДАРЫ

01 мамырдағы жағдай бойынша "Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары" секторында сегіз компанияның басқаруындағы 11 қаржы құралы болды.

Төрт айдағы сауда-саттық көлемі 158,7 млн теңгені құрап, өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 774,8 млн теңгеге және өткен жылдың салыстырмалы кезеңіндегі көрсеткіштерімен салыстырғанда 6 есе өскен.

Қаржы құралы	Көлемі, млн KZT	Мәмілелер саны
US_BIL_	330,1	11
IE_FXBF	170,6	67
CSECfe	84,9	12
CSECgm	64,6	20
US_SPY_	57,8	101
FFIN_or	46,0	2
ASYL_or	20,7	5
	774,8	218

Инвесторлардың негізгі санаттары бойынша жеке тұлғалардың үлесі – 42,2 %, брокер-дилерлердің үлесі – 3 %, басқа институционалдық инвесторлар – 21,8 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі 21,8 %, болды. Резидент еместердің қатысу үлесі 11,3 % болады.

БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫНДАҒЫ ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ШОТТАРЫ

2020 жылдың 01 мамырындағы жағдай бойынша Орталық депозитарийде жеке тұлғалардың атынан ашылған 120 404 жеке есеп-шоттар болды, бұл көрсеткіш 2020 жылдың басынан бастап 2 709 шотқа ұлғайған.

ШЕТЕЛ ВАЛЮТАЛАРЫНЫҢ НАРЫҒЫ

Шетел валюталары наұрығындағы сауда-саттық көлемі 749,1 млрд теңгеге жетіп, өткен жылдың көрсеткішінен 48,8 % немесе 713,1 млрд теңгеге артық. Бұл оң тренд 2020 жылдың сәуір айындағы сауда-сатықтың көлемі 34,1 млрд теңге, орташа күндік мәмілелер саны – 291, бір мәміленің орташа көлемі – 117,1 млн теңге. 2020 жылдың наурыз айымен салыстырғанда орташа күндік сауда-саттық көлемі 81,2 млрд теңге, орташа күндік мәмілелер саны – 449, бір мәміленің орташа күндік көлемі – 180,8 млн теңге. Ағымдағы жылдың наурыз айымен салыстырғанда теңге-доллар жұбымен валюталық сауда-саттықтың көлемі екі есе төмендеп, 3,5 миллиард АҚШ долларынан 1,7 миллиард АҚШ долларына жетті.

2020 жылдың төрт айында сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 3,9 трлн теңгені құрады, ол 2019 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 16,5 % немесе 554,2 млрд теңге. Бір мәміленің орташа көлемі мәміленің орташа көлемі 48,9 млрд теңге болды, мәміленің орташа күндік саны – 343, бір мәміленің орташа көлемі – 142,6 млн. теңге.

Төмендегі кестеде Биржада саудаланатын валюталық жұптардың негізгі сипаттамалары келтірілген (жақшаның ішінде көрсеткіштің өткен жылдағы ұқсас кезеңіне қатысты өзгеруі, бағамның өзгеруі шетел валютасының теңгеге орташа сараланған биржалық бағамының номиналды өзгеруін көрсетеді).

KASE сауда-саттық алаңындағы валюталық жұптардың сауда-саттық параметрлерінің өзгеруі

Жұп	Көлему, валюта бірл.млн	Сауда-саттық көлеміндегі үлесі, %	Мәмілелер саны	Базалық бірл. айырбаст. валют. мин. және макс. бағамдары	Айдың соңындағы бағам (өзг.%)
USD/KZT	9 645,2 (+9,37 %)	98,80 % (-0,37 %)	26 945 (+6 552)	375,94 – 448,52	424,57 (+11,00 %)
RUB/KZT	5 835,8 (X 2,6)	0,84 % (+0,45 %)	262 (-81)	5,3929 – 6,2032	5,8380 (-5,78 %)

CNY/KZT	146,9 (+34,98 %)	0,22 % (+0,04 %)	173 (-65)	53,4087 – 64,5200	60,6750 (+10,48 %)
EUR/KZT	12,7 (-39,36 %)	0,14 % (-0,13 %)	68 (-6)	406,00 – 487,0	461,70 (+7,82 %)
EUR/USD	0,9	0,01	3	1,0822 – 1,0948	1,0822

Есептік кезеңде ұлттық валютаға мұнайдың эталондық маркасының құнының бірден төмендеуі, Ресей Федерациясының негізгі сауда-саттық серіктесі ретінде валютасының АҚШ долларына қатысты әлсіреуі, инфляция қозғалысының жылдамдығы жылдық 6,4 % дейін және оның 2020 жылдың наурыз және сәуір айларында мақсатты дәлізден шығуы (4-6 %) негізгі қысым болды. теңге үшін ішкі қолдау факторлары ретінде экономикалық субъектілер мен айырбастау пункттерінің қызметіне шектеу жағдайларында шет елдік валютаға сұранымның төмен болуы, базалық мөлшерлеменің жылдық 9,25 % -дан 12,00%-ға артуы, және оның әдеттегі деңгейіне жылдам төмендеуі, сондай-ақ теңге-доллар валюталық жұбы бойынша бірнеше сауда-саттық сессияларын жоғары құбылмалылық кезеңінде франкфурттік аукцион түрінде өткізу.

Сәуір айында ұлттық валюта АҚШ долларына, еуро және қытай юаніне қатысты нығайды, бірақ ресей рубліне қатысты әлсіреді. Теңгенің нығайуының негізгі ішкі факторлары ретінде ОПЕК+ мұнай өндіруді қысқарту туралы жаңа келісімінің қорытындысы, мұнай баға белгілеуінің 11 % өсуі, бағалы қағаздар нарығындағы жағымды жағдай, экономикасы дамушы елдердің валютасы және мұнай экспортшыларының валютасының нығайуын атап өтуге болады. Сәуір айында ұлттық валюта 5,2 % нығайып, бір долларға 447,67 теңгеден 424,57 теңгеге дейін төмендеді. Жыл басынан бері теңгенің АҚШ долларына қатысты әлсіреуі 11 % құрады. Ресей рубліне қатысты әлсіреуі ресей рубілінің оқшауланған қолдауының мықты факторларына қатысты болды (АҚШ долларына қатысты нығайу 5,1 %, РFOB негізгі мөлшерлемесінің төмендеуін күту, бейрезиденттердің қаржысы ОФЗ құйылуы, РFOB интервенциялары, салық төлемі кезеңі). 29 сәуірде АҚШ ФРҚ пайыздық мөлшерлеме дәлізін 0-0,25% деңгейінде сақтауға көптен күткен шешімін қабылдады, ол сондай ақ трендтің нығайуына ықпал етті.

АҚША НАРЫҒЫ

Наурыз және сәуір айларындағы кезеңде іскерлік белсенділігін төмендетуге байланысты, қаржы нарығында операциялардың саны едәуір төмендеді. Сәуір айында нарықтың аталмыш сегментіндегі сауда-саттық көлемі 7 096,2 млрд теңгені құрады, наурыз айына қарағанда 31,8 % төмендеді. Төрт айдың қорытындысы бойынша сауда-саттық көлемі 6 % төмендеп немесе 2,2 трлн теңгені құрады, өткен жылдың салыстырмалы кезеңіне қарағанда 34 788,5 млрд теңгені құрады.

Мәмілелер көлемі арқылы орташа сараланған мән болып табылатын, ақша нарығының композиттік индикаторы MM_Index, USD/KZT валюталық своп операциялары бойынша кірістілік сәуір айының соңында 218 б.н. өсіп, жылдық 10,07 %-дан 7,89 %-ға дейін өсті.

KazPrime-3M (KZT) Индикаторы сәуір айының соңында 10,25 %-дан 11,50 %-ге дейін өсті.

Қазақстандық банкаралық индикаторларының тобы KIBOR, KIBID, KIMEAN сондай-ақ ҚР ҰБ базалық мөлшерлемесіне ілеседі.

Репо операцияларының нарығы

Сәуір айында осы сегменттегі сауда-саттықтар көлемі 6 292,1 млрд теңгені құрады, (наурызға қатысты -32,3 %), төрт айда – 29 855 млрд теңге, ол өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 16,1 % жоғары. Repo операцияларының орташа күндік көлемі 373,2 млрд. теңге болды, орташа күндік мәмілелер саны – 465, бір мәміленің орташа көлемі – 802,9 млн теңге. Repo операцияларының елеулі бөлігі – 97,7 % астамы МБҚ қоржынымен автоматты repo операциялары құрады.

Төрт айдың қорытындысы бойынша TONIA индикаторы 216 б.н. өсіп, жылдық 7,89 % құрады. Жаңа жылдың волатильділіктен кейін ақпан айының соңына дейін салыстырмалы тұрақты болған. Бюджетке салықтар төлеу кезеңінде– 2020 жылдың 20 және 27 қаңтарында волатильділік өсті.

TWINA Индикаторы TONIA құбылмалылығын қайталады, 2020 жылдың төрт айындағы орташа мәні 29 б.н. төмендеп, жылдық 9,71 % құрады.

Валюталық своп операциялары

Валюталық своп нарығындағы сауда-саттықтар көлемі сәуір айында 27,5 % төмендеп, 804,1 млрд теңгеге жетті. Төрт айда операциялардың орташа күндік көлемі өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 56,3 % млрд. теңгені құрады, орташа күндік мәмілелер саны – 23, бір мәміленің орташа көлемі – 2,7 млрд теңге болды. Қаржы құралдарының құрылымында сауда-саттықтардың жалпы көлеміндегі 65,1 % (3,2 трлн теңге немесе 8,2 млрд. USD) екі күндік валюталық своптардың (USDKZT_0_002) үлесінде болды.

«Ұзын» валюталық своптармен жасалған мәмілелердің көлемі бір аптаға 10 млн USD (3,7 млрд теңге) болды және бір айға 160 млн USD (62,91 млрд теңге) болды. Мәмілелер бойынша кірпістілік жылдық 8,25 % – 14,5 % диапазонында түрленді.

ДЕРИВАТИВТЕР НАРЫҒЫ

Биржалық нарықтың деривативтер секторында судалауға, базалық активтері АҚШ доллары және KASE Индексі болып табылатын, фьючерстер қолжетімді. Есептік кезеңде фьючерстермен мәмілелер жасалған жоқ. Мамыр айының басында деривативтер нарығының сауда-саттыққа қатысушыларының ашылған жайғасымдары болған жоқ.

COVID-19 КОРОНАВИРУСТЫҚ ИНФЕКЦИЯСЫНЫҢ ТАРАЛУЫ ЖАҒДАЙЫНДА KASE ЖҰМЫСЫ

Қазақстан Республикасының Президентінің 2020 жылдың 15 наурызындағы "Қазақстан Республикасында төтенше жағдайда енгізу туралы" № 285 өкімімен Қазақстан Республикасында төтенше жағдай енгізілді, осыған байланысты Алматы қаласының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігер 2020 жылдың 18 наурызында "Алматы қаласында карантин тәртібін енгізу туралы" № 8 қаулысын шығарды. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2020 жылдың 27 наурызындағы № 88 және Қазақстан Республикасының қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының 2020 жылдың 27 наурызындағы "Қаржы нарықтарының субъектілерінің жұмыс тәртіптемесі туралы" № 169 бірлескен бұйрығына сәйкес, 2020 жылдың 30 наурызынан бастап KASE жұмыс кестесі белгіленді – Нұр-Сұлтан қаласының уақытымен сағат 09:00-ден 15:00-ге дейін.

Осыға байланысты, 2020 жылдың 30 наурызынан бастап биржалық нарықтарында сауда-саттықтар, есеп айырысулар және клиринг өткізудің уақытша регламенті мен өткізу шарттары белгінеді. Шетел валюталары нарығындағы және валюталық своп операциялары нарығындағы сауда-саттықтар 10:15-тен 13:00-ге дейін өткізіліп, АҚШ доллары бойынша орташа сараланған бағамды аралық тиянақтау 11:00-де жүзеге асырылады. Қор нарығындағы және репо операциялары нарығындағы мәмілелер – 10:00-ден 13:00-ге дейін. Клирингтік сессияның аяқталуы 14:00-де, есеп айырысулар – 15:00-де. Деривативтер нарығында және репо қаржы құралдарымен және валюталық своптар бойынша сауда-саттықтар өткізілмейді.

KASE Қазақстан Республикасында төтенше жағдай тәртіптемесі енгізілуіне байланысты, Биржа мүшелері, листингтік бағалы қағаздарға рұқсат ету бастамашысы және аудиторлық ұйымдардың есептілікті ұсыну мерзімін төтенше жағдай тәртіптемесі барысында, сондай-ақ осы тәртіптеме алып тасталғаннан кейін 30 күнтізбелік күн бойы мерзімге ұзартты. Сонымен қатар, жыл сайынғы есептілікті рұқсат ету бастамашысының ұсыну мерзімін ұзарту, сондай-ақ аудиторлық ұйымдардың ақпарат ұсыну мерзімін ұзарту 2020 жыл бойы қолданылады. Биржада тиімді жұмысты қамтамасыз ету мақсатында өз клиенттерімен және серіктестермен толыққанды байланыс телефон және видеоконференция арқылы реттелді.

ТЖ режимі жағдайында муниципалдық бағалы қағаздар бойынша маркет-мейкердің болуына талабы алып тасталды. KASE ресми тізіміне жедел тәртіппен мемлекеттік бағдарламалар аясында 13 облыс және 3 қаланың муниципалдық облигациялар тегін енгізілді.

Өлемдік қаржы нарығында бағаның жоғары құбылмалылығына байланысты, Биржа, орталық контрагент қызметін орындай отырып, қор, қаржы және валюталық нарық құралдары бойынша тәуекел-параметрлерін өзгерту туралы шешім қабылдады, әсіресе саудаланатын валюталық жұбы бойынша 10 және 15,81 % дейін тиісінше маржа мөлшерлемесі және концентрация.

Биржа қор нарығында Т+2 сызбасы бойынша саудаланатын акциялар бойынша шектеу мәні мен концентрация мөлшерлемесін, сондай-ақ 2020 жылдың 15 сәуірінен 15 мамырына дейін жарамды болған, репо операциялары нарығында концентрация мөлшерлемесі мәніне тең, дисконттарды анықтады.

KASE COVID-19 коронавирустық инфекциясының таралуының алдын алу бойынша жұмысын штаттық режимде жалғастырады.

Өз қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз ету және өз қызметкерлерінің денсаулығын қорғау мақсатында KASE COVID-19 коронавирустық инфекциясы жағдайында Жұмыс жоспарын әзірлеп, оны іске асыруда. Қызметкерлердің басым бөлігі Биржаның ресурстарына қашықтан рұқсаттама алу технологиясын пайдаланумен, қашықтан жұмыс жасау форматына ауыстырылды.

2020 жылдың 20 мамырындағы жағдай бойынша кеңседе ауысым режимінің қамтамасыз етумен жұмыс қызметкерлердің 50 % қашықтықтан жұмыс істеуде.

ФИНАНСОВЫЕ РЕЗУЛЬТАТЫ KASE 2019 ЖЫЛҒА ҚАРЖЫЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕРІ

2020 жылдың сәуір айында 2019 жылға ХҚСЕ сәйкес, аудиттелген қаржылық есептілігі шығарылды.

2019 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілігі мәліметтері бойынша 2018 жылмен салыстырғанда KASE тобының активтері 19,5 млрд теңгеге өсіп (37,7 %), 71 млрд теңгені құрады. Активтердің өсімі көбінесе KASE орталық контрагент ретінде қызметін кеңейтуге байланысты болды. Биржа 2018 жылдың 01 қазанынан бастап, биржалық нарықта шет ел валюталарының және 2019 жылдың 03 желтоқсанынан бастап қор нарығында бағалы қағаздарды сатып алу-сату жағынан орталық контрагенті қызметін атқарады.

Биржаның тобының жиынтық кірісітері есептік жылдың қорытындысы бойынша 4 284,5 млн теңгені құрады, ол өткен жылдың нәтижесіне қарағанда 1 204 млн теңге немесе 39,1 % көп. Өзгерістер клирингтік алымды 239,6 млн теңгеге арттыру есебінен болды, ол көрсеткіш 2019 жылға қарағанда 3,2 есе көп, сонымен қатар, инвестицияланған қаржы көлемін арттыру есебінен 154,1 % артып, 1 706,9 млн теңгеге жеткен пайыздық кірісі, 2 % дейін көбейіп, 1 013,8 млн. теңгені құраған комиссиялық алымдардың есебінен болды.

2019 жылдың қорытындысы бойынша таза табыстың көлемі 2 192,7 млн теңгені құрады, ол өткен жылдың нәтижесіне қарағанда 127,1 % жоғары.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия аймағындағы жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД қор биржаларының арасында екінші орын, ал FEAS қор биржаларының арасында нарықтық капиталдандыру деңгейінде алтыншы орын алады.

Бұл – репо нарығының құралдары, шетел валюталары, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, сондай-ақ туынды қаржы құралдар үшін әмбебап сауда-саттық алаңы болып табылады, замани технологияларды иеленген және қабылданған халықаралық стандарттарға сәйкес сауда-саттықтық және сауда-саттықтан кейінгі қызметтердің толық спектрін көрсетеді.

KASE Биржа федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалар федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби қауымдастықтарының мүшесі, сондай-ақ БҰҰ-ның "Қор биржасы тұрақты даму үшін" бастамасының қатысушысы болып табылады.

KASE жергілікті және шетелдік қатысушылар үшін айқын инвестициялық ортаны қамтамасыз ету арқылы Қазақстанның экономикалық өсуіне себептеседі.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz.